

# «Ал біздің аулада...» республикалық сырттай байқауды ұйымдастыру және өткізу ережелері

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер қосымша білім беру жүйесіндегі балалар аула клубтары және басқа клубтық демалыс ұйымдары басшыларының және педагогтерінің, сондай-ақ колледждер мен жоғары оқу орындары студенттерінің арасында «Ал біздің аулада...» республикалық сырттай байқауды (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастырудың және өткізудің мақсатын, міндеттері мен тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балаларға қосымша білім беру жүйесінің сапасын және тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған әдістемелік жұмысты жетілдіру, педагог қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін дамыту, инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату.

3. Міндеттері:

- балалар аула клубтары және басқа клубтық демалыс ұйымдары басшыларының және педагогтерінің үлгі болатын оң имиджін қалыптастыру;
- қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби шеберлігін және жеке тұлғалық әлеуетін дамытуға ықпал жасау;
- мекен-жайларда немесе оқу орындарында демалысты ұйымдастыру саласындағы үздік педагогикалық тәжірибені тарату.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## 2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта **2015 жылғы 2 маусым мен 1 тамыз** аралығында сырттай өткізіледі.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2015 жылғы 1 тамызға** дейін [spo.rumcdo@mail.ru](mailto:spo.rumcdo@mail.ru) электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: **8(7172) 249303**.

8. **2015 жылғы 1 тамыздан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

10. Байқауға қатысу үшін **3000 (үш мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банктер немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

**Төлемақының мақсаты:** «Ал біздің аулада...» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, spro.rumcdo@mail.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы 7 тамызда жүргізіледі.

12. Байқауға қатысушылардың сертификаттары және жеңімпаздардың дипломдары 2015 жылғы 10 тамызда жолданады.

### **3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар**

13. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың тақырыбы мен талаптарға сәйкес болуы керек.

14. Республикалық қосымша білім беру жүйесіндегі балалар аула клубтары және басқа клубтық демалыс ұйымдары басшыларының және педагогтерінің, сондай-ақ колледждер мен жоғары оқу орындары студенттері қатыса алады.

15. Байқау келесі номинациялар және талаптар бойынша өткізіледі:

**1) «Клубтың ең үздік жетекшісі»** (жетекші жұмысының нәтижесі туралы ақпаратты айқындайтын портфолио, слайд-шоу);

**2) «Аула клубтарына арналған ең үздік білім беру бағдарламасы»** (бағдарлама бір немесе бірнеше бағытта болуы мүмкін);

**3) «Біздің аула клубы (орталық, үйірме)» презентациясы.** Аула клубының (орталық, үйірме) жұмыстары, жетістіктері, тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы ақпарат, мысалдар көрсетілген слайд-шоу, бейнеролик). Электрондық презентация түрінде орындалған жұмыстар Power Point (Microsoft Office 2003-2013) форматында ресімделеді.

Бірінші слайдта презентация тақырыбы, автордың аты-жөні, лауазымы, санаты, білім беру ұйымының аталуы, телефоны және электронды поштасы; екінші слайдта гиперсілтеме түрінде ресімделген презентация жоспары болуы мүмкін. Келесі слайдтарда фотосуреттер, схемалар, диаграммалар және басқа да номинация тақырыбын ашатын материалдар болуы мүмкін. Көлемі -10 Мб.

**Ұзақтығы:** бейнебаян – 30 секундтан 3 минутқа дейін; бейнефильм – 3 минуттан 5 минутқа дейін.

**Техникалық талаптар:** AVI, MP4 форматы.

Барлық слайдтар бірдей түспен ресімделіп орындалуы тиіс.

Слайдтың барлық элементтерінде анимациялық эффектiлер, әр слайдта басқару түймесi болуы керек.

4) «Ал біздің аулада...» үздік іс-шара сценарийі» (слайд-шоу, мәтіндік материал). Қатысушы бір шығармашылық жұмыстың толық және ашық жазылған нұсқасын ұсына алады.

**Сценарийге қойылатын талаптар:**

Сценарий төмендегіні қамтиды:

- 1) өткізілетін іс-шараның тақырыбы, аталуы және түрі;
- 2) әр кезеңді өткізудің толық сипаттамасы;
- 3) жүргізушілердің толық мәтіндері;
- 4) қорытынды шығару әдістері.

Сценарийге қысқаша түсініктеме хат құрылады, онда мыналар көрсетіледі:

- жұмыстың мақсаты мен міндеттері;
- қатысушылардың құрамы – жас мөлшері, саны, басқа да ерекшеліктері;
- өткізілетін орны мен мерзімі;
- қажетті реквизиттің және жабдықтың, материалдың тізімі.

16. Байқау жұмыстарының титул парағында келесі мәліметті көрсету қажет:

автордың толық Т.А.Ж. лауазымы, санаты;  
білім беру ұйымы, аудан (қала/ауыл), облысы, e-mail;  
номинацияның аталуы;

**17. Жұмысты бағалау критерийлері:**

байқаудың тақырыбына жұмыстың сәйкестігі;  
авторлық идеяның түпнұсқалығы мен жаңашылдығы;  
сюжеттің біртұтастығы;  
мазмұнының креативтілігі мен жаңашылдығы;  
өзіндіктің шығармашылық көзқарас (операторлық жұмыс, дыбыстық безендіру, монтаж).

18. **Жалпы талаптар:** бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы тиіс.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

19. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды. Әділқазы құрамына білім беру ұйымдарынан ғалымдар, әдіскерлер, тәжірибелі педагогтер шақырылады.

20. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарының дипломдарды және қатысушылардың сертификаттарының электрондық нұсқалары электрондық пошта арқылы жіберіледі.